



«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ҰСАҚ ДАУЛАР СОТЫНДА

24 наурыз 2023 жыл

№: AIFC-C/SCC/2022/0024 ic

“Шанхай Констракшн Груп Ко. Лтд” Қазақстандағы филиалы

Талап қоюшы

“ТекшеТас компаниясы” ЖШС

Жауапкер

қарсы

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Судья Чарльз Баннер КС

БҰЙРЫҚ

1. Талап арыз қанағаттандырылды.
2. Жауапкер 2023 жылдың 15 сәуіріне дейін Астана уақыты бойынша сағат 16:00-ге дейін Талап қоюшыға 16 839 426 теңге мөлшеріндегі соманы төлеуі тиіс.

ШЕШІМ

1. Талап қоюшы, Шанхай Констракшн Груп Ко. Лтд-ның Қазақстандағы филиалы, қиыршық тас жеткізу жөнінде тараптар арасында 2020 жылғы 21 ақпанда жасалған шартқа сәйкес Жауапкер, «ТекшеТас Компаниясы» ЖШС-ын 16 839 426 теңге мөлшеріндегі залалды өтеуге міндеттейтін шешім шығаруды сұрайды. Мәлімделген сома, Талап қоюшының айтуынша, Жауапкерге 2021 жылдың аяғына дейін шарт бойынша төлеген сомалар мен Жауапкер жеткізген қиыршық тас арасындағы айырмашылықты көрсетеді.
2. Бастапқыда талап арыз 2022 жылғы 29 қарашада Астана қ. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына берілген. 2022 жылғы 7 желтоқсанда тараптар істі табыстау жөніндегі Келісім нысанына қол қойып, онда егер АХҚО соты істі қабылдаса, бұл соттағы өндірісті тоқтатуға және істі АХҚО Сотына беруге келіскен.
3. 2022 жылғы 23 желтоқсандағы бұйрықпен АХҚО Сотының Төрағасы мәртебелі Лорд Манс іс АХҚО Сотына берілуі және оның шешім шығаруы үшін жарамды екенін анықтап, АХҚО Сотының бұл іс бойынша юрисдикциясы бар екендігін хабарлады.
4. Талап қоюдың сомасы 150 000 АҚШ долларынан аз болып табылады, сондықтан талап арыз АХҚО Сотының Ұсақ даулар соты юрисдикциясының аясына түседі: АХҚО Сотының Ережесінің 28.2(1) ережесін қараңыз.
5. Сот төрағасы Лорд Манстың Бұйрығына сәйкес, 2023 жылғы 1 ақпанда Талап қоюшы АХҚО сотына талап арыз берген. Бұған жауап ретінде 2023 жылғы 15 ақпанда Жауапкер «Талапты мойындау» атты құжатты берген, онда қаржылық жағдайының ауырлығына және оның негізгі қызметінің маусымдық сипатына байланысты Талап қоюшы мәлімдеген сомаларды төлеудің мерзімі 2023 жылдың 15 сәуірінен ерте болмайтын жағдайда, талап арызды дауламайтынын растады.
6. Талап қоюшы Жауапкердің төлем мерзіміне қатысты өтініші бойынша түсініктеме бермеген.
7. Осы іс бойынша құжаттарды, оның ішінде жоғарыда аталған құжаттарды қарап, Сот талап арыз қанағаттандырылуы тиіс деп санайды. Сот Жауапкерді Талап қоюшыға 16 839 426 теңге мөлшеріндегі соманы төлеуге міндеттейді. Жауапкер сұрап отырған мерзім - 2023 жылғы 15 сәуір – Сот әдетте талап ететін мерзімнен біршама ұзағырақ, бірақ бұл ұзартудың айтарлықтай қысқа екенін және Талап қоюшы оған қарсы еместігін ескере отырып, Сот осы істің мән-жайларында бұл өтінішті қанағаттандырады. Сонымен бірге Сот осы істі қарау кезінде Жауапкердің дер кезінде ынтымақтастық көрсеткенін назарға алды.



Сот қабылдады,

Чарльз Баннер КС,
Судья, АХҚО соты

Өкілдік ету:

Талап қоюшының атынан тәуелсіз сыртқы заңгер Юрий Камалетдинов мырза өкілдік етті, Астана қ., Қазақстан.

Жауапкердің атынан «ТекшеТас Компаниясы» ЖШС қаржы директоры Рүстем Жаңысбеков өкілдік етті, Астана қ., Қазақстан.